

**1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән**  
**Биология**  
**Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. Алғашқы сүтқоректілердің тікелей арғы тегі деп есептеледі  
А) құстар  
В) маймылдар  
С) аңтісті жорғалаушылар  
D) листозаврлар  
E) гаттериялар
  
2. Девон кезеңінің соңында теңіздерде пайда болған жануарлар  
А) иностранцевия  
В) медуза  
С) стегоцефал  
D) трилобит  
E) динозавр
  
3. Біртұтас Пангея құрлығының жеке бөліктерге бөліне бастауы  
А) юра кезеңінде  
В) триас кезеңінде  
С) бор кезеңінде  
D) пермь кезеңінде  
E) таскөмір кезеңінде
  
4. Ашықтұқымды өсімдіктердің кең таралған заманы  
А) кайнозой  
В) мезозой  
С) архей  
D) палеозой  
E) протерозой
  
5. Динозаврлар ғасыры аталған кезең  
А) бор  
В) кембрий  
С) ордовик  
D) силур  
E) юра

6. Мұхиттарда су түбінде бір затқа бекініп немесе жорғалап жүріп тіршілік ететін организмдер

- A) геобилер
- B) гидробионттар
- C) планктондар
- D) бентостар
- E) фототрофтар

7. Судың беткі қабатында су ағысымен қалқып жүріп тіршілік ететін организмдер

- A) геобилер
- B) гидробионттар
- C) планктондар
- D) бентостар
- E) фототрофтар

8. Суда тіршілік ететін организмдер

- A) геобилер
- B) микрофауна
- C) гидробионттар
- D) мезофауна
- E) нанофауна

9. Атмосфера, литосфера және биосфераның тығыз байланысы арқылы пайда болған әрі тарихи, әрі табиғи биогеоценоз

- A) өсімдік
- B) жануар
- C) мұхит
- D) ағаш
- E) топырақ

10. Өсімдіктер мен жануарлар бірлестігінің тарихи қалыптасуына әсер еткен үшінші жағдай

- A) вулкандар атқылауы
- B) жер сілкінулері
- C) мұхиттар массасы
- D) табиғи бірлестіктер
- E) климаттық факторлар

11. Ең алғашқы геологиялық замандарда Жер шарын құраған тұтас бір ғана құрлық

- A) лавразия
- B) пангея
- C) гондвана
- D) евразия
- E) неоарктика

12. Құрлықтағы организмдер биомассасының 90%-ға жуығын құрайды

- A) дала өсімдіктері
- B) шөл өсімдіктері
- C) бөлме өсімдіктері
- D) орман өсімдіктері
- E) ұсақ өсімдіктер

13. Организмді құрайтын тірі протоплазмаға өте қажет зат

- A) оттект
- B) азот
- C) күкірт
- D) аммиак
- E) фосфор

14. Өсімдіктердің фотосинтез процесі кезінде көмірқышқыл газын сіңіре отырып,оттекті бөлінуінен басталатын процесс

- A) оттект айналымы
- B) азот айналымы
- C) биомасса айналымы
- D) күкірт айналымы
- E) фосфор айналымы

15. Темір, молибден, бор, кобальт өсімдіктерге қажет

- A) фотосинтез үшін
- B) азот айналымы үшін
- C) биомасса үшін
- D) бейімделу үшін
- E) қорға жинау үшін

16. Организмдердің өзінің тіршілік ортасының ерекшелігіне қарай морфологиялық жағынан бейімделуі

- A) бәсекелестік жағдайы
- B) паразитизм
- C) тіршілік формасы
- D) нейтрализм көрінісі
- E) комменсализм

17. Организмдердің жемтіктерін бірлесіп аулау кезінде бірігуімен байқалады

- A) бәсекелестік
- B) паразитизм
- C) симбиоз
- D) нейтрализм
- E) трофикалық кооперация

18. Бір түрдің зиянын тигізбей екінші түрдің қорек қалдықтарымен қоректенуі

- A) бәсекелестік
- B) паразитизм
- C) симбиоз
- D) нейтрализм
- E) комменсализм

19. Организмдер бейімделу немесе бейімделу реакциялары арқылы әсер көрсететін ортаның кез келген элементінің жағдайы

- A) географиялық факторлар
- B) абиотикалық факторлар
- C) биоценоз факторлары
- D) экологиялық факторлар
- E) антропогенездік фактор

20. Нақты бір биоценоз негізін құрайтын, белгілі бір аумақта өсетін өсімдіктер жиынтығы

- A) биогеоценоз
- B) өсімдіктер бірлестігі
- C) биом
- D) биоценоз
- E) экожүйе

***1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.***

**2-БЛОК: Арнайы пән  
Мейірбике ісі негіздері  
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. Бұлшықетшілік енгізетін иненің бұрышы

- A) 35С
- B) 90С
- C) 80С
- D) 45С
- E) 60С

2. Бұлшықетшілік инъекция енгізу орны

- A) бөксеңің сыртқы жоғарғы квадратына
- B) бөксеңің ішкі жоғарғы квадратына
- C) бөксеңің сыртқы төменгі квадратына
- D) бөксеңің ішкі төменгі квадратына
- E) бөксеңің ортасына

3. Іш қатуда тағайындалатын диета №

- A) 2
- B) 3
- C) 4
- D) 7
- E) 5

4. Диареяда тағайындалатын диета №

- A) 4
- B) 3
- C) 2
- D) 7
- E) 5

5. Асқорту жолдарынан қан кеткенде алғашқы 2 күнде диета тағайындалады

- A) 2
- B) 4
- C) 5
- D) 3
- E) аштық

6. Дененің жоғарғы бөлігінде «тамыр жұлдызшалары» пайда болатын ауру
- A) асқазан ойық жарасы
  - B) гастрит
  - C) бауыр циррозы
  - D) өт тас ауруы
  - E) колит
7. Асқазаннан қан кеткенде медбикенің тәуелді араласуы
- A) дәрігерді шақырту
  - B) тамақ, су ішіуіне тиым салу
  - C) дицинон көк тамырға
  - D) ішіне мұзды мұйық қою
  - E) гемодинамикасын бақылау
8. Синкопе- жетіспеушілік түрі
- A) коронарлық
  - B) сол жақ қарыншалық
  - C) жедел қантамырлық
  - D) оң жақ қарыншалық
  - E) созылмалы жүрек
9. Төс артында қысып ауырсыну болғанда медбикенің тәуелді араласуы
- A) гепарин
  - B) морфин
  - C) изокет спрей
  - D) анальгин
  - E) димедрол
10. Талудағы медбикенің тәуелсіз араласуы
- A) мезатон тері ішіне
  - B) оксигенді терапия көбік басушымен
  - C) мүсәтір спиртiнiң буын иіскету
  - D) тіл астына каптоприл
  - E) оксигенді терапия
11. «Татты» қақырық тән
- A) бронхитке
  - B) бронх демікпесіне
  - C) өкпе ісінуіне
  - D) крупозды пневмонияға
  - E) өкпе абсцесіне

12. Экспираторлық еңтігуде қиындайды

- A) дем алу
- B) дем алу және дем шығару
- C) мұрын арқылы дем алу
- D) ауыз арқылы дем алу
- E) дем шығару

13. Өкпе туберкулезінде қақырықта анықталады

- A) микобактериялар
- B) Шарко-лейден кристалдары
- C) атипиялық клеткалар
- D) эозинофильдер
- E) бұлшық ет талшықтары

14. Бронх демікпесі ұстамасындағы науқастың мәжбүрлі қалпы

- A) оң қырымен жату
- B) горизонтальды жағдайда аяғын көтеріп
- C) қолына тіреніп отыру
- D) аяғын төмен түсіріп отыру
- E) сол қырымен жату

15. Науқасты назогастральды зонд арқылы Жанэ шприцпен тамақтандыруда тағам қоспасының температурасы

- A) 20-25С
- B) 25-30С
- C) 30-35С
- D) 38-40С
- E) 38-45С

16. Медбикенің тамшылап енгізу жүйесін толтыру шарасына әзірлігінің реті

- A) қолды жумай пинцетпен дәрісі бар флаконның металды қақпақшасын ортасынан ашып, қапталған пакетті ашып, жүйені алу
- B) қаптама пакеттің бүтіндігі мен пайдалану мерзімін тексеру, пинцетпен дәрісі бар флаконның металды қақпақшасын ортасынан ашу, қапталған пакетті ашып, жүйені алу
- C) пинцетпен дәрісі бар флаконның металды қақпақшасын ортасынан ашу, қапталған пакетті ашып, жүйені алу
- D) қолды жуу, пинцетпен дәрісі бар флаконның металды қақпақшасын ортасынан ашу, қапталған пакетті ашып, жүйені алу
- E) қолды жуу, қаптама пакеттің бүтіндігі мен пайдалану мерзімін тексеру, пинцетпен дәрісі бар флаконның металды қақпақшасын ортасынан ашу, тығынын спиртпен өңдеу, қапталған пакетті ашып, жүйені алу

17. Тіл астына салынған дәрілердің ерекшелігіне жатпайды

- A) қанға тез сіңеді
- B) асқорыту жолдары ферменттерінің әсеріне ілікпейді
- C) бірден сіңеді
- D) бауырдан айналып өтіп қанмен араласады
- E) ішекте сіңіріледі

18. Медбикелік тәжірибені стандарттауда негізгі тапсырма

- A) көмекті дұрыс көрсету
- B) медбикенің жұмысының сапасын біркелкі бағалау
- C) емшараларды стандарт бойынша орындау
- D) ресурстардың біркелкі жүйесін құрастыру
- E) науқастарды біркелкі есепке алу жүйесін құру

19. Аурухана ішілік инфекцияның алдын-алу

- A) пациентпен қатынаста болғаннан кейін қолды жуу
- B) мүмкіндігінше инфекцияланған материалдарды ұстамау
- C) қанмен, жұқпалы материалдармен және биологиялық сұйықтармен қатынаста болғанда қолғап кию
- D) шашылған не төгілген инфекцияланған материалдарды тез жинау
- E) күтім жабдықтарын қолданып болған соң ағынды сумен шаю

20. Іріңді септикалық инфекцияның пайда болуының қауіпті әсерлері мынадан басқа

- A) қызметкерлер арасында бактерия тасымалдаушылар саны өсуі
- B) госпитальды штамдардың қалыптасуы
- C) микробтардың кең тарауы, жайылуы
- D) науқастар күтімінде инфекциялық қауіпсіздік ережелерінің сақталмауы
- E) тамақтандыру тәртібінің дұрыс құрылмауы



***Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар***

21. Стационарлық түрдегі мекемелерге жататындар

- A) госпиталь
- B) аурухана
- C) клиника
- D) босану үйі
- E) емхана
- F) жедел көмек станциясы
- G) амбулатория

22. Алғашқы медико-санитариялық көмек көрсететін ұйымдардың мамандары

- A) учаскелік терапевт
- B) окулист
- C) кардиолог
- D) учаскелік педиатр
- E) акушер
- F) учаскелік медбике
- G) эпидемиолог
- H) невропатолог

23. Өкпе ауруларында қақырықты тексереміз

- A) хеликобактер инфекциясына
- B) туберкулез микобактериясына
- C) ішек таяқшаларына
- D) С-реактивті ақуызға
- E) антибиотиктердің сезімталдығына
- F) тропанинге
- G) атипиялық клеткаларға
- H) куршман спираліне

24. Мына ауруларда №3 ,4 диета қолданылады

- A) іш қатуда
- B) диареяда
- C) созылмалы гепатитте
- D) созылмалы холециститте
- E) созылмалы панкреатитте
- F) гастритте

25. №7 диета мына ауруларда қолданылады

- A) жедел нефриттің жазылу сатысында
- B) созылмалы нефритте
- C) жүкті әйелдердің нефропатиясында
- D) гастритте
- E) асқазан ойық жарасында
- F) панкреатитте
- G) бауыр циррозында
- H) қант диабетінде

26. Гипертониялық және тазарту клизмасын жасағаннан кейінгі іштің тазару уақыты

- A) 20-30 минуттан кейін
- B) 10-12 сағаттан кейін
- C) 5-10 минуттан кейін
- D) бірден
- E) 10-15 минуттан кейін
- F) 2-3 сағаттан кейін

27. Асқазаннан қан кеткендегі медбикенің тәуелсіз араласуы

- A) дәрігерді шақырту
- B) дицинон енгізу көк тамырға
- C) су, тамақ қабылдауға тиым салу
- D) таза ауамен қамтамасыз ету
- E) викасол салу
- F) 10% кальций хлоридін енгізу
- G) эпигастрий аймағына мұзды мұйық қою

28. Брoх демікпесіндегі медбикенің тәуелсіз араласуы

- A) жағдайын бағалау
- B) дәрігерді шақырту
- C) қысып тұрған киімін босату
- D) таза ауамен қамтамасыз ету
- E) ингаляциялық глюкокортикоидтар
- F) преднизолон енгізу

29. Инсультпен ауырған пациенттердің қолданатын эргономикалық техникалық құралдары

- A) жүргіншек
- B) тірегіш таяқшалар
- C) кресло-каталка
- D) балдақтар
- E) зембіл
- F) көзілдірік

30. Бауыр, көкбауыр УДЗ науқастың қалпы

A) арқамен жату

B) оң қырымен жату

C) жартылай отыру

D) ішпен жату

E) тік тұру

F) сол қырымен жату

**Жағдаяттық тапсырмалар**  
**1-жағдаят**  
**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

20 жастағы науқас аурухананың қабылдау бөліміне жедел көмек бригадасымен ессіз түрде жеткізілді.

Анасының айтуынша, 5 жылдай қант диабетімен ауырады, инсулин қабылдайды. Соңға уақытта инсулинді уақытында қабылдамайды. Физикалық күштен кейін инсулин салуды ұмытып кеткен. Соңғы уақытта тәбетінің төмендеуіне, шөлдеу, әлсіздік, бұлшық еттерінің босаңсуы, көз алмасының төмендеуіне шағымданған.

Қарағанда: терісі құрғақ, серпімділігі төмен. Аузынан дем шығарғанда ацетон иісі сезіледі, көз қарашығы кішірейген, жарыққа реакциясы жоқ. ТАЖ 24 рет секундына.

31. Кетоацидозды комада алғашқы көмек көрсетілгеннен кейін, науқасты тасымалдау бөлімі:

- A) кардиологияға
- B) эндокринологияға
- C) гастроэнтерологияға
- D) нефрологияға
- E) пульмонологияға

32. Кетоацидозды комада дәрілер беру мақсаты:

- A) қанда ацидоз бен қантты төмендету
- B) қан қысымын жоғарлату
- C) қабынуға қарсы
- D) шокка қарсы
- E) қан тамырының өткізгіштігін төмендетеді

33. Медбикенің тәуелді араласуын анықтаңыз

- A) дәрігерді шақыру
- B) Тренделенбург қалпы, басын бір жаққа бұру
- C) ауыз қуысын құсықтан тазалау
- D) гемодинамикасын бақылау
- E) физиологиялық ерітінді және инсулин енгізу

34. Жедел бүйрек үсті жетіспеушілігінде бұзылатын жүйе:

- A) эндокринді
- B) асқорыту
- C) зәр шығару
- D) тыныс алу
- E) жүрек қантамыр

35. Шұғыл жағдайды анықтаңыз

- A) кетоацидоздық кома
- B) бас айналу
- C) субфебрилитет
- D) лоқсу
- E) қақырықты жөтел

**2-жағдаят**  
**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

Нефрология бөлімшесіне 38 жастағы науқас бүйрек тас ауруы диагнозымен түсті.

Медбикенің тексерісінде шағымдары анықталды: бел аймағында кенеттен ұстамалы ауырсыну, оның шап аймағына, жыныс мүшелеріне берілуі, зəрінің қиналып бөлінуі, лоқсу, 1 рет құсу, дене температурасының жоғарлауы. Науқас 3 жылдан бері ауырады. Ауру ұстамасы қайталанып отырады.

Қарағанда: жағдайы орташа, мазасыз, өзіне мәжбүрлі қалып іздейді. Терісі боз, таза. Пастернацкий симптомы сол жақта бірден оң.

АҚҚ-100\70 ммс.б.б., пульс-90 рет минутына.

36. Медбикенің тәуелді араласуы

- A) дәрігер шақыру
- B) физикалық тыныштық орнату
- C) бел тұсына жылы мұйық қою
- D) туысқандарына бүйрек ұстамасының пайда болу себептерін түсіндіру
- E) спазмолитиктер енгізу

37. Науқастың қазіргі өзекті мәселесі

- A) бел аймағының ауырсыну ұстамасы
- B) диспепсия белгілері
- C) зэр бөлінуінің бұзылуы
- D) құсу
- E) лоқсу

38. Науқастың мынадан басқа қазіргі мәселесі

- A) бел аймағында кенеттен ұстамалы ауырсыну
- B) өз еркімен зэр бөлу
- C) құсу
- D) дене температурасының жоғарылауы
- E) лоқсу

39. Несеп бөлінуі қиындықпен жүрсе, зақымданатын жүйе:

- A) асқорыту
- B) зэр шығару
- C) жүрек қантамыр
- D) тыныс алу
- E) эндокринді

40. Науқаста мынадан басқа қанағаттандырылмаған қажеттілігін анықтаңыз.

- A) жұмыс істеу
- B) қарым-қатынаста болу
- C) ұйықтау
- D) демалу
- E) зәрдің еркін бөлінбеуі

***2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.***